

«Рауан» бөбекжай-бақшасы

Ертеңгілік «Аяулы анашым»



Ересек «Нұршуақ» тобы

*Тәрбиешілер: Джумагазиева Г.Қ
Төлешова М.Ж
Саз жетекші: Мұқашев Қ.Қ*

2022 жыл



Тақырыбы: «Аяулы анашым»

8 наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік.

Қош келдіңіздер! Аяулы әжелер, аналар, қызғалдақ қыздар, қадірлі тәрбиешілер!

Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып сегізінші наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келіп жетті. Осындай көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнген емес. Олар өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Бүгінгі «Ана-біздің күніміз, біз ананың гүліміз» атты ертеңгілігіміз сіздерге арналады.

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын шашайық.

Ән: «Анашым»

Исмаил:

Мен гүлдерді жұлмаймын,

Торғайларды қумаймын.

Айтқан сөзін тындаймын,

Анашымды сыйлаймын.

Альмира:

Анашым менің ардақты,

Өзіңмен өткен күн жақсы.

Жадырап күліп жүрсеңіз,

Мен үшін артық сол бақыт.

Айсана:

Менің анам ардақты,

Алтыннан да салмақты


Жақсы көріп баласын,

Мәпелейді анашым

Есбол:

Жақсылыққа шақырып,

Жамандықтан тыяды.



Мейіріммен тәрбилеп
Иман нұрын құяды.

Нұрасыл:

Мен анамды сүйемін,
Құшағына енемін.
Мәпелеген анамды,
Қуансам деп келемін.

Жаннұр:

Мәпелейді, әлделейді, бағады.
«Құлыным деп құшағына алады.

Өзге де, өзіне де жауапты
Барлығына қалай уақыт табады ?!

Жүргізуші: Балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда.
Адамдарға қуаныш сыйлайтын сиқыршы көктем. Олай болса мерекеге
көктемді шақырайық.

Музыка әуенімен залға (Көктем) кіреді.

Көктем:

Дала гүлге бөленеді.
Қуанышқа кенеледі.
Орман, торғай, бақтарда
Өйткені мен көктеммін
Құстар сайрай жөнеледі.
Шұғыламды төккенмін.

Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Денсаулық, қуаныш,
сұлулық тілеймін.

Жүргізуші: Сиқыршы көктем, біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге
келгеніңізге рахмет.


Көктем: Мен қалай келмеймін. Бүгін сондай керемет күн - әжелер мен аналар
мерекесі.

Кенжехан:

Анам менің сүйіктім
Тек өзіңе табынам.
Қасымда жүрсен биікпін,
Алыстасаң сағынам.

Айзия:

Анаң болса қасында
Басқа бақыт не керек.



Аналардың жүрегі
Мейірімді ғой керемет.

Рамазан:

Ана деген асыл жандар, болаттай,
Ана деген мөлдір жандар бұлақтай.
О, адамдар, қадірлей біл ананы,
Жат қылыққа ақыл ойды талатпай.

Амина:

Апатайым анашым,
Ақылы мол данасың.
Қамқоршысы баланың
Гүлі сенсің әр үйдің.
Ж.Абдрахман:
Жұмақ-күшқан панам,
Күндей нұрлы санаң
Қызығын көр ұл-қызының,
Еңбек сүйгіш Анам
Келді көктем күнің,
Күлімдейді гүлің-

Инжу:

Біз доспыз гүлменен,
Текке оны жұлмаймыз.
Мейрам күні бір бірден,
Аналарға сыйлаймыз.
Мені жақсы көреді,
Күндей күліп жүреді


Балалар мен сендердің әже, аналарыңның есімдерін білгім келеді.
Жүргізуші: Әрине біздің балалар әже, аналарыңның есімдерін біледі.
(Балалар жауап береді)

Көктем: Қандай керемет есімдер. Көп - көп рахмет балалар сендерге.
Осы кезде көктемнің телефоны шақырады

Көктем: Ия, не сұрақ жапырақтар шықпай жатыр ма? Кірпілерде оянбай жатыр ма? Оларға көмектесу керек. Қазір ұшып келемін. Мінекей балалар менің басқада жұмыстарым бар, маған кету керек. Бірақ мен сендерге босқа келмедім. Мен сендерге сиқырлы кітап тарту етемін. Міне ол. Аналарыңмен бірге оқындар. Сау болындар.

Нұрмұхаммед:

Ақ анашым аппағым,



Өзің жайлы таппағым.
Өзің жайы әнімде,
Арнадым саған бәрінде.

Айсабек:
Әлпештеген аялаған
Ақ сүт берген аппатайым
Сәлем жазып бүгін саған.
Мерекенмен құттықтаймын.

Бексұлтан:
Айналайын анашым,
Аялысың бағасың
Мен үшін не керек
Бәрің іздеп табасың.
Баланың да тірегі
Дананың да тірегі.
Ауырмасын ешқашан,
Аналардың жүрегі

Алдияр:
Ауырғанда емдейтің,
Сүйікті менің анашым.
Қиындықта демдейтін,
Аяулы менің анашым.


Айзере:
Мәпелеп мені өсірген
Аяулы менің анашым
Жамандықтан жирен деп,
Жақсылықтан үйрен деп,
Үйреткен мені анашым.

Зере:
Анамды мен сыйлаймын.
Айтқаның оның тындаймын.
Айтқан тілін аламын,
Мен анамдай боламын.

Жүргізуші: Қандай қызық кітап. Ой аша алмай жатырмын, мұны кілтпен ашу керек екен. Ә, міне кілті. (Кілтті осы кезде бұзақы бала тартып алып кетеді).

Кім бүгін бізбен қалжыңдасуға келген?

Бұзақы: Ол мен бұзақы бала. Сендерде не болып жатыр? Мен бұзақылық жасаған кейін анам мені далаға қуып жіберді.



Жүргізуші: Ананың мазасын алатындай күн емес қой бүгін. Бүгін олардың мерекесі. Сондықтан сен Бұзақы бала бізбен бірге ертеңгілікте өлең айтып, би үйреніп, анаңды құттықта. Олай болса бізбен бірге ойын ойнайсың ба?
Ойын: «Анамызға гүл сыйлаймыз»

Бұзақы: Ойқанды жақсы балаларсыңдар. Міне сендердің кілттерің.

Жүргізуші: Ал енді кітапты ашайық. (Сиқырлы әуенмен кітап ашылады)
Кәмпитті ағашты көреміз. Қандай қызық ағаш. Әр бұтасында кәмпит өсіп тұр, бұл жәй кәмпит емес, онда не жасырынған екен. (Кәмпиттерді ашу)
Бірінші кәмпит тақпақтар.

Айнар:

Нарисую я цветочек
И мамуле подарю,
Ведь ее я очень-очень
Обажаю и люблю.

Ерке:

Мая мамочка родная,
Всех нежнее и добрей
И, улыбки не скрывая,
Обниму тебя скорей.

Арман:

Менің әжем мейірбан
Мені жақсы көреді.
Қажетіне жарасам
Жас балаша күледі.


Нұрали:

Менің әжем нар әжем,
Көп жасаған кәрі әжем.
Ауырғанда мен үшін,
Әр сүйгені дәрі әжем.

Абдрахман:

Менің әжем ақ әжем,
Ұл мен қыздың бағы әжем.
Ертегі айтып бер десен,
Айтып береді тағы әжем.

Ералы:



Таусылмайтын өлеңі,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа
Кәмпит алып келеді.
Әжем менің өйткені,
Өте жақсы көреді.

2. Екінші кәмпит.

Ән:

3. Үшінші кәмпит
«Апазшылар биі»

4. Төртінші кәмпит
«Кел билейік»

5. Бесінші кәмпит

Би: «Қанекей кір жуайық»

Жүргізуші: Аналарға сыйлық беру рәсімі.

Барлық жақсылықты

Себетін де аналар.

Не деген құдірет едіңіздер аналарым!

Жүргізуші: Ана-дейміз бәріміз де аңқылдап,
Ана- дейді жас сәби де жарқылдап,

Ана-деген бәйтерегі өмірдің,

Ана-деген қызық алтын бақ.

Ана-деген қуанышты көңілдің

Ана-деген әрбір үйдің жылуы

Ана-деген гүлі туған өмірдің,дей отырып, ертеңгілігімізді
аяқтауға рұқсат етіңіздер.



